

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 19 мамыр

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясын қызметінен босату туралы. Бұл мәселе бойынша Президенттің тиісті ұсынымы Сенатқа келіп түсті.

Слово для информирования о представлении Президента страны предоставляется Председателю Высшего Судебного Совета Республики Казахстан Шиппу Денису Алексеевичу.

ШИПП Д.А. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты! На ваше рассмотрение внесено представление Главы государства об освобождении Арипова Ерден Рауановича от должности судьи Верховного Суда в связи с его назначением на другую должность.

Указом Главы государства от 26 марта текущего года Ерден Рауанович назначен председателем Карагандинского областного суда.

Уважаемые депутаты, прошу вас поддержать представление Главы государства об освобождении Арипова Ерден Рауановича от должности судьи Верховного Суда.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Спасибо, Денис Алексеевич, присаживайтесь.

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Президенттің ұсынымын талқылап, өз қорытындысын әзірледі.

Слово предоставляется депутату Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам, на своем заседании обсудив предложенную Президентом Республики Казахстан кандидатуру к освобождению от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан, вынес заключение.

На основании представления Президента Республики Казахстан, в соответствии с подпунктом 1) статьи 55 Конституции и статьей 34 Конституционного закона «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» рекомендовать Сенату Парламента освободить от должности судьи Верховного Суда Арипова Ердена Рауановича в связи с назначением его на другую должность.

Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

Бұл мәселе бойынша ашық дауыс беру ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдаймыз.

Басқа қызметке тағайындалуына байланысты Ерден Рауанұлы Әріповті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы қызметінен босату жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі екінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Ядролық материалдарды, радиоактивті материалдарды, радиоактивті қалдықтарды және радиациялық-қауіпті заттарды заңсыз

өткізуді болғызбаудағы өзара іс-қимыл жөніндегі келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Ядролық материалдарды, радиоактивті материалдарды, радиоактивті қалдықтарды және радиациялық-қауіпті заттарды заңсыз өткізуді болғызбаудағы өзара іс-қимыл жөніндегі келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр.

Аталған келісімді ратификациялау мынадай мүмкіндіктер береді:

1. Ядролық, радиациялық-қауіпті заттарды заңсыз өткізуді болғызбау мақсатында кедендік бақылау саласындағы тараптардың ынтымақтастығын кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, заманауи технологияларды енгізу мәселелері бойынша ынтымақтастық жүргізіледі және бірлескен оқу-жаттығулар мен оқыту семинарларын өткізу көзделеді.

2. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы тараптардың халықаралық міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, тараптардың кедендік шекарасындағы өткізу бекеттерінде радиациялық бақылау жүргізу және азаматтардың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

3. Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес әкелуге тыйым салынған ядролық, радиациялық-қауіпті заттарды тараптар мемлекеттерінің аумағына әкелуге жол бермеуге мүмкіндік береді, яғни радиация аясы белгіленген нормалардан асатын әкелу елінен тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдауға қатысты тараптар мемлекеттері заңнамасының талаптары сақталмаған жағдайда мұндай тауарларды екінші тарап мемлекетінің аумағына әкетуге жол берілмейді.

Тараптар екінші тараптың аумағынан келген тауарлар мен көлік құралдарының иондаушы сәулелену деңгейіне қатысты аспаптар көрсеткіштерінің әртүрлілігі анықталған жағдайда мұндай көрсеткіштер анықталған өткізу бекетінің аумағында бірлескен радиациялық бақылау жүргізу мүмкіндігі осы келісімнің маңызды аспектісі болып табылады.

Бірлескен радиациялық бақылауды жүргізу тәртібін тараптар мемлекеттерінің кеден органдарының өкілдерінен және оқу орталықтарының мамандарынан тұратын бірлескен жұмыс тобы айқындайтын болады.

Осы келісімді ратификациялау Қазақстан мен Қытай арасындағы ядролық материалдарды, радиоактивті материалдарды, радиоактивті қалдықтарды және радиациялық-қауіпті заттарды заңсыз өткізуді болдырмау рәсіміне қатысты мәселелерді неғұрлым нақты және неғұрлым тиімді құқықтық реттеуге ықпал ететін болады.

Келісімді іске асыру республикалық бюджеттен қосымша қаржылық шығындарды талап етпейді.

Құрметті депутаттар! Аталған келісімді ратификациялау бойынша оң шешім қабылдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?
Сөз депутат Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлына беріледі.

МУСИН Д.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне.

Қазіргі кезде дүкендер мен базарларда радиациялық фон деңгейі жоғары балалар ойыншықтары кездесетіні туралы ақпараттар бар екені белгілі.

Сіздердің берген анықтамаларыңыз бойынша кедендік шекарадағы радиациялық бақылау жабдықтары негізінен иондаушы сәулелену көздері бар отқа төзімді кірпіш, тегістеу дискісі, отқа төзімді ұнтақ, калий хлориді мен сульфаты, жеңіл бетон, керамикалық плиткалар және тағы басқа тауарлар түрлеріне бейімделген.

Осыған байланысты келесі сұрақтар туындап отыр:

1. Балалар ойыншықтарын радиациялық бақылау қалай жүзеге асырылады және ондай тауарлар елге қалай келеді? Министрлік тарапынан осы бағытта қандай жұмыстар жүргізілуде?

2. Радиациялық бақылау жасайтын жабдықтар және оларды орнату бойынша тараптарға бірыңғай талаптар қойылады ма? Рақмет.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Сұрағыңызға рақмет.

Құрметті депутаттар! Кеден қызметкерлері бізге келіп жатқан кез келген тауарларға, кез келген қондырғыларға радиациялық бақылау жүргізеді. Бұл жерде ойыншықтарға да бұның қатысы бар. Ондай тауарлардың радиациялық фоны жоғары болған жағдайда бұл тауарлар жалпы тауардың массасынан бөліп алынып, қайтадан тексеру жүргізіледі. Егер шынымен де радиациялық фон аясы жоғары болса, онда иондаушы сәулелер анықталған жағдайда бұндай тауарлар Қытай Халық Республикасына қайтадан қайтарылады. Дегенмен сіз айтып отырған жағдайлар нарыққа өтіп кетіп жатса, менің пайымдауымша, бұл контрабандалық тауарлар болып табылады.

Өзіңіз білесіз, Еуразиялық экономикалық одаққа кіретін бес мемлекет бар, осы мемлекеттер арасында кедендік бақылау жүргізілмейді. Егер басқа мемлекет арқылы өтіп кетіп жатса бұндай фактілер болуы мүмкін. Оны жасырмаймыз, бірнеше жыл бұрын ондай фактілер болған. Бірақ бұл тұрғыда қазір тиісті мемлекеттік органдар тарапынан бақылау күшейтілген, Сауда және интеграция министрлігінде метрологиялық стандарттық бақылау жүргізетін комитет бар, ол осындай арнайы тексерулер жүргізіп отырады. Сонымен қатар Денсаулық сақтау министрлігінде санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды тексеретін арнайы комитет бар, осы комитет тарапынан тиісті тексерулер жүргізіліп отырады.

Қаржы министрлігі тарапынан қондырғыларды жиі ауыстырып отырамыз, себебі олардың да ресурстары болады. Сондықтан да біз алдағы уақытта бірнеше бекетті модернизациядан өткізген кезде осы арнайы қондырғыларды жаңартатын боламыз.

Осы екі тараптың арасында қандай да бір талаптар бар ма деген сұраққа келетін болсақ, Қытай мен Қазақстан Республикасының арасында бұндай қондырғыларға қандай да бір ортақ талап жоқ, әрбір мемлекет өзінің қауіпсіздігіне байланысты өзі таңдау жүргізеді.

Дегенмен де Еуразиялық экономикалық одақтың аясында бұндай арнайы талаптар көрсетілген, яғни типтік талаптар. Сол талаптарды сақтай отырып өзіміздің шекараларымызда сол талаптарға сәйкес келетін қондырғыларды орнатқанбыз.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ерұлан Кенжебекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Слово для содоклада по законопроекту предоставляется члену Комитета по финансам и бюджету Карплюку Сергею Алексеевичу.

КАРПЛЮК С.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! 2018 жылғы 7 маусымда Пекин қаласында Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтерінің басшылары қол қойған келісімде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы ядролық және радиоактивті материалдардың, радиоактивті қалдықтар мен радиациялық-қауіпті заттардың заңсыз орын ауыстыруын болдырмауда кедендік бақылау саласында құқықтық базаны белгілеу көзделеді.

Основными моментами законопроекта являются:

внедрение современных технологий;

проведение совместных учений;

проведение радиационного контроля в пунктах пропуска на таможенной границе.

Таможенный контроль и декларирование ядерных и радиоактивных материалов, в том числе их транзит, будут проводиться в соответствии с законодательствами и международными договорами государств сторон.

Данный законопроект имеет важное значение для обеспечения радиационной безопасности.

Реализация проекта не повлечет отрицательных социально-экономических и правовых последствий.

По данному законопроекту от постоянных комитетов Сената замечаний и предложений не поступило.

Жоғарыда аталғандардың негізінде Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Ядролық материалдарды, радиоактивті материалдарды, радиоактивті қалдықтарды және радиациялық-қауіпті заттарды заңсыз өткізуді болғызбаудағы өзара іс-қимыл жөніндегі келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдауды ұсынады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Сергей Алексеевич.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылы 3 қаңтарда орнатылған болатын.

Еліміз үшін Қытай Халық Республикасы ірі сыртқы сауда серіктесі екені белгілі, оның меншікті салмағы жалпы тауар айналымында 2021 жылы 24 пайыз құрады. Атап айтқанда, 2021 жылы екіжақты сауда көлемі 18,2 миллиард долларды, оның ішінде экспорт 9,9 миллиард долларды, импорт 8,3 миллиард долларды құрады.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы ынтымақтастық әртүрлі салалардағы 250-ден астам үкіметаралық және мекемеаралық келісімдерден тұратын заңнамалармен реттеледі. Соның бірі 2018 жылғы 7 маусымда Бейжіңде қол қойылып, Қазақстан мен Қытай елдерінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған келісім.

Ядролық, радиоактивті материалдарды, радиоактивті қалдықтарды, радиациялық қауіпті заттарды шекарадан заңсыз өткізуді болғызбау ұлттың және ертенгі ұрпақтың қауіпсіздігі екенін атап өткен жөн. Сол себепті қаралып отырған заңдағы нормаларды қабылдаудың маңыздылығы ерекше. Осыған байланысты заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Ядролық материалдарды, радиоактивті материалдарды, радиоактивті қалдықтарды және радиациялық-қауіпті заттарды заңсыз өткізуді болғызбаудағы өзара іс-қимыл жөніндегі келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қабылданған заң ядролық және радиоактивті материалдарды кедендік шекарада заңсыз өткізудің алдын алуына арналған. Құжат Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы біріккен іс-қимылдардың құқықтық негізін қалыптастыруды көздейді. Алдағы уақытта бұл заң екі мемлекет арасындағы кедендік бақылауға қатысты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға оң үлесін қосады деп сенеміз.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «1992 жылғы 13 наурыздағы Салық саясатының келісілген принциптері туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер үкіметтері арасындағы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «1992 жылғы 13 наурыздағы Салық саясатының келісілген принциптері туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер үкіметтері арасындағы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізілді.

Хаттаманың негізгі мақсаты ТМД-ға қатысушы мемлекеттер тарапынан келісімнің қолданыс мерзімін ұзарту туралы өтінімнің болмауына, сондай-ақ оның ережелері қазіргі уақыт жағдайының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты келісімнің қолданысын тоқтату.

1992 жылғы 13 наурызда ТМД-ға қатысушы тоғыз мемлекеттің үкіметтері келісімге қол қойған болатын. Келісімнің нормаларына сәйкес тараптар салық салу қағидаттары мен ережелерін біріздендіру негізінде келісілген салық саясатын жүргізуге және достастыққа кіретін барлық мемлекеттердің мүдделерін қозғайтын негізгі салықтардың бірыңғай тізбесін қолдануға келіскен болатын. Дегенмен келісімді тек төрт мемлекет ратификациялады. Келісімге қатысушы бес мемлекет келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді аяқтаған жоқ.

2017 жылғы 8 қыркүйекте Шолпан-Ата қаласында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің салық қызметтері басшыларының Үйлестіру кеңесінің отырысында келісімнің қолданысын тоқтатудың орынды екені туралы шешім қабылданды. Осылайша 2021 жылғы 4 наурызда келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттамаға қол қойылды.

Бүгінгі күні салық қызметтерінің шетел мемлекеттерімен, оның ішінде ТМД елдерімен өзара іс-қимылы келесідей халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырылатынын атап өткім келеді:

1. Страсбург конвенциясы – бұл қатысушы елдердің салық қызметтері арасындағы Салық істері бойынша өзара әкімшілік көмек туралы конвенция.

2. Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен жасасқан қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенциялар. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында, оның ішінде ТМД-ның барлық елдерімен 55 конвенцияға қол қойылды.

Аталған хаттаманы ратификациялау біздің еліміз үшін әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды және республикалық бюджеттен қаражат бөлуді талап етпейді.

Хаттаманы ратификациялау бойынша оң шешім қабылдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлына беріледі.

ЛҰҚПАНОВ С.Е. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің сұрағым Қаржы министрлігіне арналған.

В соответствии с проектом Закона «О ратификации Протокола о прекращении действия Соглашения между правительствами государств – участников Содружества Независимых Государств о согласованных принципах налоговой политики от 13 марта 1992 года» стороны, которые его ратифицировали, включая Республику Казахстан, проводили согласованную налоговую политику на основе унификации принципов и правил налогообложения. При этом акцизы в рамках соглашения должны взиматься по согласованным перечням товаров, размерам ставок и унифицированному порядку исчисления и уплаты налога.

В свою очередь, 4 марта 2021 года Республика Казахстан подписала Протокол о прекращении действия данного соглашения. В этой связи у меня вопрос.

Принимая во внимание регулирующую функцию акцизов и их удельный вес в структуре налогообложения, а также в формировании доходной части бюджета страны, какие меры планируется предпринять Министерством финансов как уполномоченным органом, осуществляющим совершенствование системы налогообложения, в части размера акцизов и перечня подакцизных товаров? Спасибо.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Спасибо за вопрос.

Уважаемые депутаты! В целом налоговая политика Республики Казахстан осуществляется самостоятельно, независимо.

Что касается акцизов. Акциз является одним из видов налогов, косвенным видом налога. Его доля не превышает 5 процентов в государственном бюджете.

Что касается гармонизации политики в рамках ЕАЭС, такие нормы предусмотрены. По определенным чувствительным видам товаров мы должны сближать наши ставки к 2025 году. К таким товарам относятся алкоголь и табак. По табаку соглашение уже ратифицировано, к 2024 году на 1000 штук сигарет мы повышаем акциз до 35 евро в тенговом выражении.

Что касается алкогольной продукции. Акциз у нас достаточно высокий, тем не менее сейчас готовится соответствующее соглашение в рамках ЕАЭС. После вступления в силу данного соглашения мы тоже будем постепенно сближать наши акцизы по алкогольной продукции.

Министерством здравоохранения также поднимается вопрос о внедрении акцизов на сахаросодержащие напитки. Данный вопрос сейчас в Правительстве обсуждается с учетом бюджетной политики и государственной политики в области здравоохранения.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ерұлан Кенжебекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет.

Құрметті әріптестер! Бүгін қарауымызға «1992 жылғы 13 наурыздағы Салық саясатының келісілген принциптері туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы

мемлекеттер үкіметтері арасындағы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Заң жобасы енгізіліп отыр.

Бұл хаттаманың негізгі мақсаты 1992 жылғы 13 наурыздағы Салық саясатының келісілген принциптері туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер үкіметтері арасындағы келісімнің қолданысын тоқтату.

Келісімге салық салу принциптері мен қағидаларын біріздендіру негізінде келісілген салық саясатын жүргізу мақсатында тәуелсіз бұрынғы Кеңес Одағы мемлекеттерінің қалыптасу кезеңінде қол қойылды. Тараптар сол кезде ТМД-ға қатысушы барлық мемлекеттердің мүдделерін қозғайтын негізгі салықтардың бірыңғай тізбесін қолдануға уағдаласты. Бұдан басқа тараптар Кеңес Одағының шет мемлекеттермен кіріс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау туралы бұрын жасасқан келісімдерінің орындалуын қамтамасыз ету мәселесін келісті.

Келісімге қол қойылған күннен бастап 30 жыл өтті және құжат өзінің өзектілігін жоғалтты, сондай-ақ келісімнің қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтінімдердің болмауына байланысты ТМД-ға қатысушы мемлекеттер келісімнің қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдады.

Заң жобасын қарау барысында жұмыс тобының отырысы өткізілді, Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес Қаржы және бюджет комитеті «1992 жылғы 13 наурыздағы Салық саясатының келісілген принциптері туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер үкіметтері арасындағы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ғұмар Ислямұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Шелпеков Бақтыбай Ақбердіұлына беріледі.

ШЕЛПЕКОВ Б.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Хаттама салық салу принциптері туралы келісімге қол қойылған күннен бастап осы ұзақ уақыт аралығында қатысушы тараптардан келісім мерзімін ұзарту туралы ешқандай өтінімнің болмағаны, сондай-ақ оның ережелері бүгінгі күннің заманауи талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты қолданысын тоқтату мақсатында әзірленген.

Құжаттың мазмұны тараптар салық салу саясатын жүргізуге және осы ұйымға қатысушы барлық мемлекеттердің мүдделерін қозғайтын негізгі салықтарының бірыңғай тізбесін құруға бағытталған болатын. Бірақ ұйымға мүше 4 мемлекет құжатты ратификацияласа, қалған 5 мемлекет өз тарапынан тиісті жұмыстарды жүргізіп үлгермеген. Осы жағдайларға байланысты аталған салық салу принциптері туралы келісімінің қолданысын тоқтату туралы ұйымға қатысушы елдердің ортақ шешімі қабылданды.

Қазақстан Үкіметінің ақпараты бойынша осы хаттаманы қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық, құқықтық салдарға әкелмейді және бюджеттен қаржылық шығындарды

талап етпейді. Хаттама жобасы ұйымға кіретін барлық мемлекеттер арасында тең құқылы және еркін келісім қағидаттарын сақтайды.

Құрметті әріптестер! «1992 жылғы 13 наурыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің үкіметтері арасындағы келісілген салық саясатының қағидаттары туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«1992 жылғы 13 наурыздағы Салық саясатының келісілген принциптері туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер үкіметтері арасындағы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлына беріледі.

МУСИН Д.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Үкімет басшысына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Сауалға Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі мен бір топ мәслихат депутатының «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының суармалы жерлерді пайдалануға байланысты қанағаттанарлықсыз жұмысы жайлы хаттары себеп болды.

Бүгінде өңірдің 196 мың гектар суармалы жерінің 120 мың гектарына су беруді қамтамасыз ететін гидротехникалық нысандар аталмыш кәсіпорынның Шығыс Қазақстан филиалының балансында. Осыған орай суармалы жерлердің қалыпты жұмысы «Қазсушар» кәсіпорнына тікелей байланысты. Алайда 2014 – 2016 жылдары қолға алынған 5 бірдей жоба бойынша гидротехникалық құрылыстарды қайта жаңғырту жұмыстары «Қазсушар» тарапынан негізсіз созылып, осы уақытқа дейін аяқталмаған. Олар:

Үржар ауданы Құсақ өзеніндегі бөгеттік гидроторапты және Қаракөл өзеніндегі су қоймасы құрылыстарын қайта жаңғырту;

Жарма ауданы Шар су қоймасы құрылыстарын гидроторабымен және «Центральный» магистралды каналымен қайта жаңғырту;

Тарбағатай ауданы Қарғыба өзеніндегі су бөгетін қайта жаңғырту;

Зайсан ауданының «Үйдене су қоймасы құрылыстарын қайта жаңғырту» жобалары.

Облыс әкімдігінің ақпаратына сәйкес құрылыстардың уақытылы аяқталмауының негізгі себептері – жобалық-сметалық құжаттамалардың сапасыз әзірленуі, соның салдарынан оларды түзетуден кейінгі жоба құнының айтарлықтай қымбаттауы.

Атап айтсақ:

Зайсан ауданының «Үйдене су қоймасы құрылыстарын қайта жаңғырту» жобасы түзетуден кейін 851 миллион теңгеге қымбаттаған.

Үржар ауданы «Құсақ өзеніндегі бөгеттік гидроторапты қайта жаңғырту» жобасы да түзетуді қажет етеді, сәйкесінше бұл жобаның қымбаттауы мен созылуына әкелері анық.

Сондай-ақ мамандардың алдын-ала есебіне сәйкес Тарбағатай ауданының «Қарғыба өзеніндегі су бөгетін қайта жаңғырту» жобасының құны шамамен 320 миллион теңгеге өсуі күтілуде.

Аталған жобалардың уақытылы аяқталмауынан 28 мың 646 гектар суармалы жер ұзақ жылдар ұтымды пайдаланылмауда, сол себепті ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қаржылық ахуалдары мен ондаған елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық жағдайларына үлкен нұқсан келтірілуде.

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі тарапынан осы проблемалық мәселелерді шешу жайында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасарының атына тиісті хат жолданған.

Жалпы, бүгінде өңірлердің сумен жабдықтау жүйелеріндегі инженерлік желілер мен құрылыстар кешендерінің сын көтермейтін жай-күйі, сонымен қатар халықаралық қаржы институттарының қарыздары есебінен инвестициялық жобалардың тиімсіз іске асырылуы салдарынан бюджет қаржыларының ысырап болуы «Қазсушар» кәсіпорнының басқару мен бақылау қызметіндегі үлкен кемшілік деуге толық негіз бар. Осыған орай бұл кәсіпорынның функциялары жан-жақты зерделеніп, біртұтас жүйеге келтірілуі өте маңызды деп есептеймін.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жоғарыда айтылғандардың негізінде суармалы жерлерді тиімді пайдалану мақсатында сізден осы аталған бес жобаның құрылысын аяқтау үшін қаржы қаражаты мәселесін қарастырып, шешімін табуға ықпал етуіңізді сұраймын.

Айтылған ұсыныстар бойынша тиісті шаралар қабылдауыңызды және заңнамада белгіленген тәртіппен жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

Құрметпен, депутат Мусин».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Рақмет.

Менің сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа арналады.

«Бүгінде азық-түлік бағасының өсуі біздің азаматтарымыз үшін басты мәселеге айналды. Көптеген отбасылар өздерінің барлық кірістерін тек тамақтануға жұмсай отырып, айлығын шайлығына әрең жеткізуде.

Әрине, барлығымыз азық-түлік нарығындағы қалыптасқан ахуалдың күрделілігін түсінеміз және Үкіметтің уақытылы іс-қимылын қолдаймыз.

Вместе с тем в обществе возникает резонный вопрос: почему, будучи аграрной державой, входя в десятку мировых экспортеров основных видов сельскохозяйственной продукции, мы по уровню продовольственной инфляции опережаем многие страны?

Қазіргі уақытта біздің мемлекеттік органдарымыз өрт сөндіру әдісімен жұмыс істейді деп айтуға болады, олардың іс-қимылы алдын алу сипатындағы шараларды қолдануға емес, аяқ асты туындаған жағдайға жауап қайтаруға ғана бағытталған. Ауыл шаруашылығы тауарларын экспорттауға тыйым салу және экспорттық квоталарды енгізу оңай, бірақ ондай шектеулер фермерлерді банкроттыққа, ал отандық агроөнеркәсіп кешенінің дамуын тежелуге әкелуі әбден мүмкін.

Ең сорақысы бізде елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінде жүйелілік жоқ. Кейбір өнім түрлері бойынша өндіріс көлемі тұтынудың физиологиялық нормаларының негізінде есептелген ішкі нарықтың қажеттілігінен асып кетеді. Ал шын мәнінде бұл өнімдер бойынша біз импортқа әлі де тәуелді болып отырмыз. Басқаша айтқанда, халықтың азық-түлік тауарларының тұтыну нормаларын анықтауда шынайы (объективті) тәсілдерге ауысуымыз қажет.

Если считать по утвержденным физиологическим нормам потребления продуктов питания, то нынешние объемы производства по многим их видам превышают потребности внутреннего рынка, то есть на бумаге мы обеспечиваем свою продовольственную безопасность, хотя на самом деле страна все еще остается импортозависимой по многим видам продовольствия.

Поэтому нам нужна объективность в этом важном вопросе, то есть необходимы более совершенные методы прогнозирования уровня обеспеченности населения основными видами продовольственных товаров.

Екіншіден, бізде азық-түлік қауіпсіздігі доктринасы қабылданып, оның нақты көрсеткіштері, бағалау өлшемшарттары және қамтамасыз ету тетіктері айқындалуы тиіс. Егер әлі күнге дейін оны мониторингтеудің толыққанды әдістемесі болмаса елдің азық-түлік қауіпсіздігін қалай басқаруға болады?

Барлық дамыған елдерде бұл мәселелер ұзақ мерзімді экономикалық байланысты қалыптастыра отырып, белгіленген бағамен форвардтық және фьючерстік келісімшарттарды дамыту арқылы шешіледі. Сондықтан оларда азық-түлік тауарларын ішкі нарыққа белгіленген бағалар бойынша жеткізудің тұрақты көлемі сақталып отырады. Осы себептен аталған елдерде азық-түлік инфляциясы біздегідей көтерілмейді.

Ашығын айту керек, қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер субсидия ала отырып, ішкі азық-түлік нарығының жай-күйіне, азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне қатысты ешқандай жауапкершілік алмайды. Нақтырақ айтсақ, көптеген бағыттар бойынша субсидиялау жүйесі бюджет ақшасын жай ғана тарату рәсіміне айналды.

В настоящее время основная часть сельских товаропроизводителей работает в условиях рыночной стихии, не имея постоянных рынков сбыта выращенной продукции по стабильным ценам. В основном по этой причине у наших фермеров преобладает порочная психология ожидания высоких цен и поиска случайных покупателей. Разумеется, при такой ситуации говорить о стабильности цен на продовольственные товары не приходится.

Для решения данной проблемы предлагается создать по примеру ведущих аграрных стран экономические условия для развития продовольственных кластеров в АПК, то есть

путем изменения механизмов субсидирования и использования форвардных (фьючерсных) контрактов необходимо увязать в единую систему процессы производства, переработки и реализации продуктов питания.

Атап айтқанда, өсірілген өнімді ішкі азық-түлік нарығына форвардтық келісімшарттар бойынша және белгіленген бағаларға сәйкес жеткізуді субсидия алудың міндетті шарты ретінде енгізу қажет. Бұл ретте форвардтық келісімшарттарға аванс беру есебінен ауылдағы тауар өндірушілердің айналым қаражатын толықтыру, яғни несиелендіру мәселелері де бір мезгілде шешіледі.

Мұндай жағдай жоғарыда айтылған экспорттық шектеулерді қолданудан бас тартуға, яғни мемлекеттің аграрлық саясатын тұрақты жүргізуге мүмкіндік береді.

Аталған жүйелі өзгерістерді іске асыру үшін қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Құрметпен, Күрішбаев, Жұмағазиев, Булавкина».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет.

Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые коллеги! Наш депутатский запрос адресован Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан.

«Уважаемый Ералы Лукпанович! В своем Послании народу Казахстана в сентябре 2020 года «Казахстан в новой реальности: время действий» Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев поручил улучшить качество дошкольного образования и к 2025 году обеспечить 100 процентов охват детей до 6 лет дошкольным воспитанием и обучением, в том числе и с помощью внедрения механизма ваучерного финансирования.

На сегодняшний день в Казахстане работают 10898 дошкольных организаций с 937,8 тысячи воспитанников и с 97,7 тысячи работающих педагогов. В настоящее время по специальности «педагогика дошкольного воспитания и обучения» в вузах обучаются 6694 студента, а ТиПО готовят 20 тысяч специалистов. Вместе с тем 50 процентов специалистов, работающих в дошкольных учреждениях, не имеют профильного дошкольного образования.

Несмотря на позитивные изменения в дошкольном образовании нашей страны, данная отрасль имеет целый ряд серьезных проблем, которые требуют системного решения.

Зачастую данную профессию выбирают по остаточному принципу, работающие воспитатели не имеют профильного образования, ситуация усугубляется низкими заработными платами, отсутствием доплат за степень магистра, высокой нагрузкой на воспитателей, вызванной нехваткой кадров, социальными и экономическими проблемами у работников детских учреждений.

Зачастую в дошкольных учреждениях отсутствует методическая и методологическая поддержка со стороны администрации и методистов, ощущается острая нехватка специальной и специализированной детской литературы, способствующей формированию у детей знаний в соответствии с их возрастными и индивидуальными

возможностями, воспитывающей у них патриотизм и толерантность, основанные на национальных традициях и общечеловеческих ценностях.

На фоне всех перечисленных факторов у работников дошкольной сферы происходит педагогическое и психоэмоциональное выгорание. Все чаще происходят случаи жестокого обращения с детьми, вплоть до рукоприкладства, а также дисциплинарные нарушения со стороны педагогов в дошкольных организациях.

Уважаемый Ералы Лукпанович, решение вышеперечисленных проблем в сфере дошкольного образования и воспитания требует принятия безотлагательных мер, в числе которых предлагается следующее:

1) необходимо в обязательном порядке во всех дошкольных организациях открыть ясельные группы для детей до трех лет;

2) на основании анализа текущей ситуации и прогнозных данных местным исполнительным органам необходимо разрабатывать комплексные планы развития дошкольной сферы региона на краткосрочный период в увязке со стратегическими планами региона;

3) принять меры по увеличению коэффициента подушевого финансирования в регионе;

4) необходимо пересмотреть систему оплаты труда педагогам дошкольных организаций, используя механизмы дифференцированной и ставочной системы оплаты;

5) необходимо повышение заработной платы работников дошкольных организаций, которая сегодня составляет в среднем не более 120 тысяч тенге, с доведением ее до уровня заработной платы педагогических работников средних общеобразовательных школ, введение доплаты за степень магистра по аналогии, как для школ, увеличение количества воспитателей в старших и предшкольных группах с достижением соотношения педагог – ребенок 1 к 15, что соответствует нормам международного стандарта;

6) необходимо определить реальную потребность в педагогах для дошкольных организаций с направлением соответствующих запросов-потребностей в учебные заведения, готовящие специалистов, с необходимостью разработки требований обязательной отработки после колледжей для молодых специалистов;

7) определение потребности в повышении квалификации педагогов дошкольных организаций и переквалификации специалистов, не имеющих профильного образования;

8) необходимо внесение изменений и дополнений в постановление Правительства Республики Казахстан № 77 в части включения дополнительных штатных единиц воспитателя, ассистента, социальной няни, логопеда и учителя-дефектолога в организациях дошкольного воспитания и обучения;

9) создание условий для молодых педагогов дошкольных организаций, прибывающих на работу в сельскую местность, с обеспечением для них социального пакета, в том числе временного жилья;

10) для обеспечения общей безопасности пребывания детей в дошкольных организациях необходимо усиление требований по размещению государственного заказа в дошкольных организациях.

В соответствии со статьей 27 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» просим дать письменный ответ по рассмотрению данного депутатского запроса в установленные законом сроки.

С уважением, депутаты Комитета по социально-культурному развитию и науке». Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Рақмет, құрметті Төраға.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазіргі таңда елімізде лифт шаруашылығын реттеу мақсатында ұлттық стандарт әзірленіп, арнайы жол картасы қабылданса да лифтілердің жағдайы мен оларға техникалық қызмет көрсететін компаниялардың сапасы, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың осы саладағы бақылауының төмендігі жиі сынға ұшырауда.

2012 жылы лифт саласындағы лицензиялау алынып тасталып, қауіпсіздік мәселесі біраз тасада қалған еді. Көптеген сарапшылардың айтуынша, бұл өз кезегінде осы бағытта қызмет көрсететін небір жауапкершілігі төмен компаниялардың пайда болуына әкелген. Соның салдарынан соңғы бес жылда еліміздің көпқабатты тұрғын үйлеріндегі лифтілерде апаттық жағдайлар көбейіп, азаматтарымыздың жарақат алу, қайғылы қазаға ұшырау оқиғалары орын ала бастады.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен «Қазақстан лифтшілері» ұлттық қауымдастығының мәліметтеріне сүйенсек, 2018 – 2022 жылдар аралығында елімізде лифт ақауынан 13 төтенше жағдай тіркеліп, оның сегізі қайғылы жағдаймен аяқталған.

Бүгінгі күні еліміздегі көпқабатты тұрғын үйлерде шамамен 30 мыңнан астам лифт болса, соның 4 мыңнан астамы жөндеуді немесе ауыстыруды қажет етеді. Әсіресе, Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарындағы тұрғын үйлердің лифтілері әбден тозған. Оның үстіне кеңес заманынан қалған 4 мың 300-ден аса лифт бар. Сондықтан бұл мәселе бүгінгі таңда жұртшылықты қатты толғандырып отыр.

Сонымен қатар лифт саласында отандық өнімдерді қолдау мәселесі де өткір тұрғанын атап өту керек. Ресми деректер бойынша жыл сайын Қазақстанға 5 мыңнан астам лифт әкелінеді. Ал отандық өндірушілер лифтіге деген сұраныстың 21 пайызын ғана қанағаттандыра алады. Сондықтан бұл саладағы өзіміздің өндірісті дамытуға күш салу қажет екені айдан анық.

Қазіргі уақытта елімізде лифт жабдықтарын шығаратын үш кәсіпорын жұмыс істейді. Оның бірі Алматы қаласында, екіншісі Ақмола облысында болса, үшіншісі Алматы облысында орналасқан.

Жалпы, жергілікті әкімдіктер тарапынан бұл саланы дамыту байынша қажетті қолдау көрсетілмей отырғанын да атап өткен жөн. Мемлекет басшысы 2020 жылғы

Қазақстан халқына Жолдауында: «Кәсіпкерлікке қолдау көрсеткенде орта бизнеске де ерекше назар аудару керек» деп атап көрсеткен болатын. Сондықтан алдымен отандық өндірісті дамытуға басымдық бере отырып, соның ішінде лифтілерді монтаждау және оған қызмет көрсету жұмыстарының тиімділігіне қол жеткізу қажет.

Қорыта келе, бүгінгі күні қабылданып жатқан шаралар лифт шаруашылығын жаңғырту бойынша тиісті нәтиже бермей отыр.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Осыған орай сізден көтеріліп отырған мәселенің әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып:

елімізде отандық лифт шаруашылығын қолдау және дамыту мақсатында арнайы шаралар әзірлеуді;

республика бойынша апаттық лифтілерді жедел ауыстыру үшін Үкімет тарапынан несие беру тетіктерін қарастыруды;

лифт саласында бекітілген Ұлттық стандарттар талаптарының сақталуын қатаңдатып, жергілікті атқарушы органдарға әкімшілік айыппұл санкцияларын қабылдау бойынша арнайы құзырет беруді және олардың тарапынан тиісті бақылауды күшейтуді;

жергілікті атқарушы органдардың тексеру парақтарына заңды тұлғада ұлттық стандарттың болуын тексеру мүмкіндігін белгілеуді;

Елімізге күмәнді лифтілерді әкелуді шектеу тетігін әзірлеуді және осы жоғарыда көтерілген мәселелерді шешу бойынша басқа да шараларды Үкімет тарапынан қарастыруыңызды және сауалға жауапты заңда белгіленген мерзімде жазбаша түрде беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, Әбдікерев, Бекназаров».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Настоящим депутатским запросом поднимаются вопросы антимонопольного органа по сокращению участия государства в предпринимательской деятельности.

Так, в 2019 году Агентством по защите и развитию конкуренции проанализировано состояние конкуренции на рынке по оказанию услуг по проведению проектных работ и услуг в области строительства. Анализ показал, что на рынке инженерных работ по проектированию наряду с представителями частного бизнеса осуществляет свою деятельность субъект квазигосударственного сектора – АО «Казахский научно-исследовательский проектный институт строительства и архитектуры». А некоторые виды деятельности, указанные в уставе данного АО, не соответствуют постановлению Правительства от 28 декабря 2015 года «Об утверждении перечня видов деятельности, осуществляемых государственными предприятиями, юридическими лицами, более пятидесяти процентов акций которых принадлежат государству, и аффилированными с ними лицами» и пункту 1 статьи 192 Предпринимательского кодекса.

При этом агентство длительное время бездействует и не предпринимает мер в отношении указанных нарушений. И только после вмешательства Генеральной прокуратуры агентство обратилось в суд.

Вместе с тем подобные действия не согласуются с предоставлением агентством положительного заключения на внесение изменений в устав АО, которое послужило основанием для его утверждения в новой редакции. Тем самым сначала антимонопольный орган предоставляет официальное согласие на осуществление АО конкурентных видов деятельности, а затем подает в суд иск о понуждении исключения их из устава. Такие действия нивелируют работу по освобождению конкурентных ниш для субъектов частного предпринимательства.

Кроме того, судом установлено, что предписание не содержит сведений об изучении рынка проектных работ и ограничении АО конкуренции.

Доводы о несоответствии видов деятельности АО постановлению не подтверждены доказательствами. В итоге суд отказывает в удовлетворении иска агентства.

Более того, в 2020 году агентством проведен анализ состояния конкуренции на рынке услуг по разработке проектной документации в области архитектуры, градостроительства и строительства. По его результатам антимонопольный орган пришел к выводу о том, что данный рынок характеризуется низкой степенью концентрации и высоким уровнем развития конкуренции, дальнейшее присутствие государства нецелесообразно.

В целях исключения возможности конкуренции с субъектами частного бизнеса на обозначенном товарном рынке агентством признано необходимым внести изменения в устав АО с ограничением его проектной деятельности.

Между тем антимонопольным органом не учтены изменения в кодексе, принятые Законом «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам улучшения бизнес-климата».

Таким образом, проведение некачественных анализов состояния конкуренции на товарном рынке, отсутствие контроля со стороны руководства структурных подразделений ведомства за внесенным предписанием, волокита при подаче иска в суд о принудительном исполнении, непредоставление суду доказательств и принятие непоследовательных решений позволяют АО продолжать осуществление конкурентной деятельности.

На основании изложенного предлагается:

- 1) рассмотреть устранение указанных фактов;
- 2) пересмотреть подходы к организации работы, взяв на контроль реализацию анализов состояния конкуренции и вопросы исполнения выданных предписаний;
- 3) в случае неисполнения предписания рассматривать вопрос об обращении в суд с иском о понуждении субъекта рынка, государственного органа, местного исполнительного органа исполнить предписание антимонопольного органа.

Прошу дать письменный ответ в установленный законом срок.

Полный текст депутатского запроса прилагается.

С уважением, Лукин».

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Төраға.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Бүгінгі таңда Маңғыстау облысы жұртшылығының алаңдаушылығын туғызып, толғантып отырған күрделі мәселелердің бірі – бұл өңір тұрғындарын 100 пайыз электр энергиясымен, облыс орталығы Ақтау қаласы мен оған іргелес орналасқан елді мекендерді жылумен және арнайы технологияларды қолданып теңіз суын тұщыту арқылы шығарылатын ауыз сумен қамтамасыз етіп отырған Маңғыстау атом энергетикалық комбинатының жағдайы.

Іргетасы өткен ғасырдың 60-жылдары қаланып, қолданысқа берілген бұл комбинаттың негізгі қондырғысы – сол кездегі Кеңес Одағының қорғаныс өнеркәсібін нығайту саясаты аясында салынған жылдам нейтрондық негіздегі БН-350 атомдық реакторы.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін 1999 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «БН-350 атомдық реакторын (пайдаланудан) қолданыстан шығару туралы» қаулысы қабылданып, осы қаулы аясында аталмыш реактор өз жұмысын тоқтатты, сонымен қатар тоқтатылған реакторды және де қолданыста болған радиоактивті қалдықтарды залалсыздандыру бойынша концепция қарастырылды.

Аталған концепция аясында 2021 жылы іске асыру жұмыстары бес кезеңнен тұратын техникалық-экономикалық негіздеме жасақталып, Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Негіздеме бойынша көлемі 6 мың текше метр құрайтын сұйық радиоактивті қалдықтар, 11 мың текше метр құрайтын қатты радиоактивті қалдықтар ұзақ мерзімге сақталатын қоймалар салу, аталған қалдықтарды залалсыздандыру, белгіленген орындарға шығару, тағы да басқа күрделі технологияларды қажет ететін жұмыстар қарастырылған.

Аталған іс-шаралардың көлемділігі мен күрделілігін, сондай-ақ ел экономикасындағы маңыздылығын ескере отырып, Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты 2019 жылы «Казатомпром» ұлттық компаниясы меншігінен мемлекет меншігіне, яғни Энергетика министрлігінің тікелей қарауына берілді.

Энергетика министрлігінің тікелей қарауында бола тұрса да бұл комбинаттың қазіргі таңдағы техникалық жағдайы жақсы емес. Өңірді 100 пайыз электр энергиясымен қамтамасыз ететін электр станциясы қондырғыларының тозуы 80 пайызды құрайды, теңіз суын тұщытып, ауызсу шығаратын қондырғылар қуаты тәулігіне 52 мың текше метрден 35 мың текше метрге дейін азайып, су тұщыту қондырғыларын пайдалану мерзімдері нормативтік уақыттан асты, соның салдарынан жаз айларында қалада ауызсу тапшылығы байқалады. Сонымен қатар Маңғыстау түбегінің электр энергетикасы жүйесі бойынша тұйықта орналасқанын ескере отырып, электр станциялары қондырғыларының тозуы болашақта түбекті апаттық жағдайға алып келу қаупін туғызып отыр.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жоғарыда айтылғандардың негізінде Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты (МАЭК) еліміздің бір бүйірінде орналасқан Маңғыстау түбегі жұртшылығы үшін бірден-бір тіршілік көзі екенін ескере отырып, сізден төмендегі сауалдарға жауап беруіңізді сұраймыз:

1. БН-350 атом реакторымен радиоактивті қалдықтарды толықтай залалсыздандыру бағытында жасақталған іс-шара жоспарының орындалуы, соның ішінде қаражат көздерін көрсету арқылы әр жылдарға арналған нақты жоспардың орындалуы туралы.

2. Жылу электр станцияларының, су тұщыту қондырғыларының қуаттылығын қалпына келтіру арқылы жобалық көрсеткіштерге жеткізу бағытында атқару мерзімдері мен қаржы көздері нақтылап көрсетілген инвестициялық бағдарламаның жасақталуы, іске асыру барысы туралы.

Осы сауалға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Алдашев, Трұмов, Шелпеков».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 19 мамыр

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясын қызметінен босату туралы

Об освобождении от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы

Д.А. ШИПТІҢ баяндамасы

Доклад Председателя Высшего Судебного Совета Республики Казахстан

ШИППА Д.А. 1

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ВОЛКОВА В.В. 2

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Ядролық материалдарды, радиоактивті материалдарды, радиоактивті қалдықтарды және радиациялық-қауіпті заттарды заңсыз өткізуді болғызбаудағы өзара іс-қимыл жөніндегі келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Китайской Народной Республики по взаимодействию в предотвращении незаконного перемещения ядерных материалов, радиоактивных материалов, радиоактивных отходов и радиационно-опасных предметов», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Е.К. ЖАМАУБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад Заместителя Премьер-Министра – Министра финансов Республики

Казахстан ЖАМАУБАЕВА Е.К. 3

Сөз сөйлеген:

Выступил:

МУСИН Д.М. 4

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі С.А. КАРПЛЮКТИҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету КАРПЛЮКА С.А. 5

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ОРЫНБЕКОВ Б.С. 5

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «1992 жылғы 13 наурыздағы Салық саясатының келісілген принциптері туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер үкіметтері арасындағы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о прекращении действия Соглашения между правительствами государств – участников Содружества Независимых Государств о согласованных принципах налоговой политики от 13 марта 1992 года», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Е.К. ЖАМАУБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад Заместителя Премьер-Министра – Министра финансов Республики Казахстан ЖАМАУБАЕВА Е.К. 7

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ЛУҚПАНОВ С.Е. 7

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ғ.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету ДЮСЕМБАЕВА Г.И. 8

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ШЕЛПЕКОВ Б.А. 9

Депутат Д.М. МУСИННИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата МУСИНА Д.М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 10

Депутат А.Қ. КҮРІШБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата КУРИШБАЕВА А.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 11

Депутат Д.Ж. НӨКЕТАЕВАНЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Л. Тоғжановқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НУКЕТАЕВОЙ Д.Ж. к Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Тугжанову Е.Л.13

Депутат Р.Қ. ӘБДІКЕРОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АБДИКЕРОВА Р.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 15

Депутат А.И. ЛУКИНИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 16

Депутат С.Т. АЛДАШЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АЛДАШЕВА С.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 18

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық
камтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы



И. Шыныбаева